

**Автор:** Жумабаев Совет Мухамбетказиевич

**Пән:** Дене шынықтыру

**Сынып:** 7-сынып

**Бөлім:** Спорт ойындары арқылы командалық бірлесу әрекеттері

**Тақырып:** Ойындар арқылы мәселелерді шешу дағдыларын жетілдіру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.4.1 - өзінің және басқалардың қозғалыс қызметін орындауды жетілдіре білу
Сабақтың мақсаты:	Волейбол ойынының әдістерін меңгереді, жаттығуларын орындай алады және көрсете біледі.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер допты ойынға қосу, жоғарыдан, төменнен, үстінен, астынан допты соғу, алдыңғы линия, артқы линия, тай-брек Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Волейбол ойыны қай мемлекетте дүниеге келді? 2. Қандай Қазақстанның волейболшыларын білесіздер?
Бағалау критерийлері:	қауіпсіздік ережесін сақтайды - оқушылар топпен жұмыс жасай алады; - ойынды түсінеді және талқылай алады.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, бір-бірін құрметтеу, ынтымақтастық және өзіне деген сенімділік, өзара көмек көрсету, өмір бойы білім алу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация
Пәнаралық байланыс:	математика, жаратылыстану, қазақ тілі

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	1. Түгендеу 2. Оқушылармен амандасу 3. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру Оқушыларды шеңберге тұрғызып бір-біріне бүгінгі сабаққа сәттілік тілеп жылы лебіз тілейді. Сабақ мақсатымен таныстыру Бой сергіту жаттығулары. Жалпы дамыту жаттығулары, Саппен жүру, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың жанымен, өкшесімен жүру. Жеңіл жүгіріс, айнала тұрып жаттығулар жасау Сынып оқушылары кеспелер таңдау арқылы екі топқа бөлінеді.	Доптар, тор, алаң, ысқырық, секундомер
Сабақтың ортасы (30 мин)	1 -тапсырма Допты кезектесе астынан және үстінен беру жаттығулары. 2-тапсырма Екі топты қарама-қарсы қойып волейболдың бір-біріне астынан және үстіне беру әдістерін меңгерту. Ойын шарты 1 санын таңдағандар сыртқы 2 санын таңдағандар ішкі шеңберге тұрады. Ішкі шеңбердегі оқушылар сыртқы шеңберде тұрғандарға астынан және үстінен допты беру тәсілін орындайды. Содан кейін сағат тілімен ішкі шеңбердегі оқушылар жылжиды. Ойын жалғасады. 3 -тапсырма Допты үстінен және астынан соғып ойынға қосу	ноутбук кеспелер спорт жабдықтары
Сабақтың соңы (5 мин)	Рефлексия «Бағдаршам» -Толық түсінсе- жасыл -Жартылай түсінсе-сары - Мүлдем түсінбесе- қызыл	 М